

Масанчи ауылдық округінің Масанчи ауылындағы көше атауын өзгерту туралы

Жамбыл облысы Қордай ауданы Масанчи ауылдық округі әкімінің 2018 жылғы 30 мамырдағы № 24 шешімі. Жамбыл облысы Әділет департаментінде 2018 жылғы 14 маусымда № 3867 болып тіркелді

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001жылғы 23 қаңтардағы Заңының 35 бабына, "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 14 бабының 4) тармақшасына сәйкес, Жамбыл облысы әкімдігі жанындағы ономастика комиссиясының 2018 жылғы 19 сәуірдегі №1 хаттамасының қорытындысы негізінде және тиісті аумақ халқының пікірін ескере отырып, ауылдық округ әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Масанчи ауылдық округінің Масанчи ауылындағы Советская көшесінің атауы Ақниет көшесі болып өзгертілсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау Масанчи ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы Закир Абдулаевич Гудожановқа жүктелсін.

3. Осы шешім әділет органдарына мемлекеттік тіркелгеннен күннен бастап күшіне енеді және оның алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ауылдық округінің әкімі

И.Юбуров